

**"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы"  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 18 мамырдағы №  
237 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2010 жылғы 30 шілдедегі № 401 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6420 болып енгізілді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығымен бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ереженің 10-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 18 мамырдағы № 237 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6263 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2010 жылғы 5 маусымдағы № 140 (26201) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасындағы «ғылыми тағылымдамаға» деген сөздер «квоталар бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Дамыту стратегиясы департаменті (С. Өмірбаев):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі осы ақпаратты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің веб-сайтында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр С.Ә. Ырсалиевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і н*

*міндетін атқарушы*

*М. Сарыбеков*